



Автор: Муканова Майра Ерпарашевна

Пән: Әдебиеттік оқу

Сынып: 4-сынып

Бөлім: Мәдени мұра

Тақырып: Таңғажайып ертегілер

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	4.1.4.2 сөйлеу барысында иллюстрациялар, көрнекіліктер, фотосуреттер қолдану, презентация, видеоролик жасау 4.1.5.1 өз ойын, сезімін, көзқарасын өмірде болған, өзге шығармадағы ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып білдіру
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: мәтіннің тақырыбын анықтай алады, негізгі ойды табады. Көптеген оқушылар: шығармашылыққа негізделген сұрақтар қояды. Кейбір оқушылар: шығармадағы ұқсас оқиғалармен салыстыру, тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.
Тілдік мақсаттар:	Мәтінмен жұмыс жасау ептілігін қалыптастыруға бағытталған: құрылымдау, қажетті ақпаратты алу. Пәндік лексика және терминология: Сабақта диалог/жазу үшін пайдаланылатын тіл. Талдау: Ертегілер : неге байланысты туған?Ертегілер де адамдар нені армандаған? Ертегілер неше топқа бөлінеді?Ертегілер туралы не білесіңдер? Ертегідегі негізгі ой қандай? Балаға қандай мінездеме берер едің? Жазу: Ертегі -Сказка-Fairy teil (фейәри тейл)
Күтілетін нәтиже:	☐ Мәтіннің тақырыбын анықтай алады, негізгі ойды табады. ☐ Өз ойын, сезімін, көзқарасын өмірмен байланыстыру ☐ Шығармадағы ұқсас оқиғалармен салыстыру
Бағалау критерийлері:	☐ Мәтіннің тақырыбын анықтай алады, негізгі ойды табады. ☐ Өз ойын, сезімін, көзқарасын өмірмен байланыстыру ☐ Шығармадағы ұқсас оқиғалармен салыстыру
Құндылықтарды дарыту:	Бір-біріне құрмет. Бірлесе жұмыс жасау. Еңбек пен шығармашылық. Патриоттық. Өзара жағымды қарым-қатынас
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Электрондық оқулық
Пәнаралық байланыс:	Музыка, қазақ тілі.
Бастапқы білім:	Суреттер салу арқылы ойын түрлерін таныстыру

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы (5 минут)	Ұйымдастыру кезеңі . Амандасу, сыныптың тазалығы, оқу құралдарын реттеу. Психологиялық ахуал қалыптастыру: 2 минут Ұранымыздан бастаймыз Әр бала - сыныптасым, достарым. Әрбір сабақ- білу, ұғу, үйрену. Әрбір ісін-шындық, бірлік, адалдық! -Ондай болса сабағымыз жақсы өту үшін бір-бірімізге күлкі сыйлайық Оқушының қажеттілігін анықтау . Балалар, бүгінгі көңіл күйлерің қандай? Пазл арқылы 4 топқа бөлініп орындарына жайғасады Жеке жұмыс: Суреттер салу арқылы ойын түрлерін таныстыру Бағалау: Смайликтер жапсыру арқылы бағалап кері байланыс жасайды Тақырыпты болжау: Ондай болса пазлдағы суреттерге мән беріп қарап не айта аласыз?/оқушылардың жауаптары тыңдалады/ - Олар кімдер деп ойлайсыңдар? - сабағымыздың тақырыбы: «Таңғажайып ертегілер» Ертегілер- Сказка- Fairy teil 1-тапсырма:Топтан бір баладан ортағашақырып «Сұраққа толы қобдиша» сұрақтар алып бірден жауап береді Ертегілер неге байланысты туған? Ертегілер де адамдар нені армандаған? Ертегілер неше топқа бөлінеді? Ертегілер туралы не білесіңдер? ҚБ Дұрыс жауапқа конфет беру 1-ші критерийі Мәтіннің тақырыбын анықтай алады, негізгі ойды табады Қызыл түс	Ұран сөз, бала күлкісі Пазлдар, топқа бөліну
Сабақтың ортасы (20 минут)	Сабақтың мақсатын анықтау /критерийі бойынша/ □ Мәтіннің мазмұнын , негізгі идеясын түсінеді. /қызыл түс/ □ Өз ойын, сезімін, көзқарасын өмірмен байланыстыру /сары түс/ □ Шығармадағы ұқсас оқиғалармен салыстыру жасыл түс/ Білу және түсіну 2-тапсырма бойынша: Оқушылар оқулықтағы негізгі тақырыппен тыңдалым арқылы танысады. Қолдану Топтық тапсырма: «Конверт тапсырмалары» әдісі бойынша. 1-топ. Сілтеме табушылар (Шығарманың ең қызық жерін айтады). Атбасындай алтын берейін, қоя бер, - дейді. Жалмауыз кемпір жібермейді. - Осы жылқыларымның бәрін берейін, қоя бер, - дейді. Кемпір көнбейді. Кемпірден сасып: - Енді не берейін? - дейді бай. Кемпір: - Жалғыз балаңды бер, жіберейін, - дейді. Бай жалғыз баласын бермек болады, кемпір байды қоя береді. Кемпір байға: - Балаңды қай жерд ебересің? - дейді. 2-топ. .Сөз тапқыштар (шығармадан мақал – мәтел не афоризмді табады). Ат басындай алтын. 3-топ. .Ізденушілер (Алтын сақа туралы мәлімет жинайды) Сақа – деген асықтардың ішіндегі үлкендеуі және ауырлауы себебі оған қорғасын құйылады, онымен асықтарды атып ұтуға болады. Ауыл балаларының сүйіп ойнайтын ойыны. 4-топ. Дәнекер (Шығарманы өмірмен байланыстырады) 2-ші критерийі Өз ойын, сезімін, көзқарасын өмірмен байланыстыру Сары түс ҚБ Әр тапсырманы орындаған оқушы бір конфеттен алады	Аудио жазба оқулық, мәтіндер, тапсырмалар Конверттер Ф4.форматы Маркерлер
Сабақтың соңы (10 минут)	Сергіту сәті "Австралиялық жаңбыр" Синтез .Талдау: «Блум түймедағы» әдісі арқылы оқушылар өз ойларын айтып талдайды. 3-ші критерийі: шығармадағы ұқсас оқиғалармен салыстыру, тақырып бойынша ой қорыту жасай алады. Жасыл түс Жеке жұмыс «Сәйкестендіру кестесі» Термин сөздер Сәйкестік сызығы Анықтамалар Ертегі Сақа – деген асықтардың ішіндегі үлкендеуі және ауырлауы себебі оған қорғасын құйылады, онымен асықтарды атып ұтуға болады. Ауыл балаларының сүйіп ойнайтын ойыны. Фантастика ауыз әдебиетінің ең көне жанры. Өмірде сирек кездесетін немесе мүлде кездеспейтін, ойдан шығарылған оқиғалар. Сақа Оқиғаны қарасөзбен баяндайтын шағын көркем шығарма Әңгіме Қиялдау өнері. Шындыққа жанаспайтын құбылыстар, кейіпкерлер қиындықтан аман-есен құтылып шыға алады. Ертегілердің оқиғасы фантазияға құрылады	Сәйкестендіру кестесі Түймедақ гүлі тапсырма
Рефлексия (5 минут)	Топты бағалау Дұрыс жауапқа берілген конфеттің санына байланысты «Бес саусақ» арқылы кері байланыс орнату	